

ҚАРЖЫ САЛАСЫНА – 100 ЖЫЛ

БАСТЫ МАҚСАТ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ



Был ел тәуелсіздігіне 30 жыл, Елбасы Жарлығының негізінде Терек комиссияларының құрылғанына 10 жыл толуымен қатар, жалпы қаржы және экономика органдарының құрылғанына 100 жыл толуымен айтулы даталардың тоғысқан жылы болып отыр.


Сондықтан мемлекеттік бюджет есебін қаржыландыратын кең ауқымды инвестициялық және әлеуметтік жобаларды іске асыру мен бюджет саясатын жүзеге асыруда мемлекеттік аудиттің ролі артып келеді.

Статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек, осы жылдың бірінші жартыжылдығында Сыр өңірінің негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда едәуір өсімнің болғаны байқалады.

Сырт қарағанда бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау деген сөз тіркесі маман емес қарапайым адамдардың түйсігінде «бекер жоспарлаған», «жоспарламаса да болатын еді», «несіне шығындарға жол берген» деген ой тұдырары анық.

Бүзушылықтарға жол бергені үшін 2021 жылдың 9 айында 356 лауазымды тұлға, соның ішінде, тәртіптік жауапкершілікке – 142 тұлға, әкімшілік жауапкершілікке – 214 тұлға тартылған.

БРИФИНГ



АВТОБУС НЕГЕ АЗАЙДЫ?

Бүгінде Қызылорда қаласында 25 кәлішілік және 8 қала маңындағы бағыттарға 400-ге жуық қоғамдық көлік қызмет көрсетіледі. Сонымен қатар автопарк №25 және «Ягодка» саяжайының тұрғындарын тасымалмен қамтып отыр.



Ал Мейрхан Бакытжанұлының айтуынша, қазір қоғамдық көліктер аралық журу уақыты мен кешкі мезгілде ерте тоқтау мәселесін ретке келтіруге күш салуда.

Бүгінде Қызылорда қаласы көлеміндегі бағыттардың жол сызбасы қайта дайындалды. Ондағы мақсат – қаланың Белкөл кентінің екінші жақ беті, «Бәйтерек», «Саяхат» шағын аудандары, қалаға қарасты «ПМК-29», «ПМК-66», «Сабалақ», «Ягодка», «Пищевик» саяжайларын қоғамдық көлікпен қамту.

Брифинг барысында БАҚ өкілдері сала мамандарына көкейде жүрген сауалдарды қойып, оған тұщымды жауап алғандай болды.

Басы 1-бетте Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Қала тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету және кәріз суларын бұру нысандарын қыс мезгіліне дайындау жұмыстарының сапалы жүзеге асыру жөнінде «Су жүйесі» мекемесі директорының орынбасары Наурыз Баярыстанов баспасөз орталығында өткен брифингте айтып берді.

ҚАЛАНЫҢ БІР МӘСЕЛЕСІ – КӘРІЗ ЖҮЙЕСІ



Су алу құрылымындағы II су көтеру насостық станцияларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, электр тауарлары жаңаланды. Көпқабатты тұрғын үйлер мен қала аумағындағы ескі ауыз су құбырлары жаңа жүйеге қосылды.

Кәріз су нысандары бойынша «Саяхат» шағын ауданындағы «Жан Арай Жем» ЖШС-нің өндірістік базасы аумағынан заманауи үлгідегі кәріз су қабылдау пунктін салуға жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде екен.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

ҚАУІПСІЗДІК ТЕ, ТАБЫС ТА МАҢЫЗДЫ

Шаһар басшысы Ғанибек Қазантаевтың төрағалығымен қала әкімдігінің мәжіліс залында аппарат басшысы болып өтті. Оған қала әкімінің орынбасарлары мен аппарат басшысы, бөлім басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Жиында салық базасын ұлғайту бағытындағы жұмыстардың орындалуы мен жылды беру маусымы кезеңіндегі өрт қауіпсіздік талаптарының сақталу мәселесі кеңінен талқыланды.



Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Айта кетейік, соңғы екі жылда пандемия барлық саланың жұмысына жаңашылдық енгізді. Салық органдары да түрлі өзгерістер жасап, салық базасын ұлғайтудағы кешенді іс-шаралар жоспарын бекітті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Жасұлан ЖАРАСБАЕВ, қалалық мәслихат депутаты:

«МӘСЕЛЕНІҢ БАРЛЫҒЫН БІР МЕЗЕТТЕ ШЕШУ МҮМКІН ЕМЕС»

Жасұлан Бақытұлы, ел сенімінің артында өзіндік жауапкершілік жүгі бер. Депутат боларда қай мәселелердің түйінін тарқатам деп келдіңіз?

Өрине, депутаттық мандат үлкен жауапкершілікті талап етеді. Елдің сенімінен шығу оңай емес. Алаштың анасы атанған Сыр елі жылдан-жылға дамып, көркейіп келеді.

Осымен екі мәрте қалалық мәслихат депутаты болып сайландым. Тұрғындар маған сенім артып, қайта дауыс берді. Қаланың «Сәулет», «Саяхат» шағын аудандарындағы өзекті мәселелері маған етене таныс.



Депутат болып сайланғаныңызға біршама уақыт өтті. Осы уақыт аралығында міндетіңізге кіретін аймақтарда өзге де он нәтижеге қол жеткізе алдыңыз ба?

Менің қарамағымдағы қос аймақта жанадан бой көтергендіктен басты мәселе инфрақұрылым жүргізу мен әлеуметтік нысандар санын арттыру. Осы орайда облыстық білім басқармасымен бірігіп, «Саяхат» шағын ауданында жеке кәсіпкерлерді тарту арқылы 600 орындық мектеп пайдалануға берілді.

Осы күнге дейін сіздің ықпалыңызбен жасалған, біткен жұмыстарға тоқталып өтіңізі...

Бүгінде біз халықтың игілігі жолында атқарушы билікпен бірге халыққа қызмет етіп келеміз. Қала ішіндегі түрлі мәселелердің шешілуіне мұрындық болдық.

Жалпы мен ауыл жастарын үнемі назарда ұстаймын. Өзім түлеп ұшқан ауыл балаларын қолдау мақсатында үздік оқушыларға екі жыл қатарынан стипендия тағайындадым.

Басы 1-бетте

Ақтөлек БІТІМБАЙ

Бүгін облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Ақмешіт» музей филиалына барып, тағылымы мол қасиетті шаңырақтан еліміздің таңбалы тарихына енгендей болдық. Ғылыми қызметкер Гүлзира Жұмабайқызы әрбір оқиғаны баяндағанда көз алдына елестеп, сол кезеңді көргендей әсер аласың. Әрбір оқиғаны жіктеп түсіндіргенде жетер жеріне жеткізіп айтады екен. «Музейде өз ісіне берілген жандар ғана жұмыс істейді» деген қанатты сөз осындай мықты мамандарға қарап айтылса керек.

Жалпы музей ісі – атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан жәдігерлерді болашақ ұрпаққа жеткізу. Қазіргідей ақпарат желдей есіп, шарадай басты шақсадай қылған мына заманда музейге барып, тарихқа үңілу артықтық етпес. Мұнда әр дәуірден сыр шерткен құнды жәдігерлер миыңа құдды бір тыныштық беретіндей. Уақыт тауып бір бас сұқсаңыз, рухани демалып, әрі мол мағлұмат аласың.

Қызылорданың кешегісі мен бүгінгісі сыр шертетін ғимараттың ішіне кіргенінде басқа әлемде, яғни тарих беттеріндегі өшпес із қалдырған сол жылдарда жүргендей күй кештім. Бұл ғимараттың іргетасы 1905 жылы қаланған. Ол алғаш әскери казарма ретінде салынып, 1917 жылы қайта қалпына келтіріліп, ел игілігіне берілген. Ғасырдан ғасырға жалғасып, іргесі сөгілмей тұрған ескі ғимарат жөндеуден өтіп, бүгінге дейін сақталып келеді. Сырға толы ғимарат 2004 жылдан бастап «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Ақмешіт» филиалы болып құрылды. Қазіргі кезде мұнда Қызылорда қаласының 1925-1929 жылдары аралығында Қазақ АКСР-нің астана болған кезеңіндегі архивтік құжаттар, еліміздің маңызды саяси оқиғасы болған Қазақ атауының қайтаруы, сол кезде қызмет еткен Алаш қайраткерлері туралы толық ақпарат бар. Сонымен қатар қазақтың ұлттық театрының негізін қалауға атсалысқан тұлғалар жайында және ел астанасының денсаулық, білім, әлеуметтік-экономикалық саланың дамуынан мағлұмат береді. Сондай-ақ Қазақ Орталық Атқару Комитеті төрағасының жұмыс кабинеті және XX ғасыр басындағы зиялы адамдардың тұрмысын көрсететін экспозициялық залдардан тұрады. Қазіргі таңда қаламыздың тарихынан терең сыр шертетін музей қорында 2000-ға жуық жәдігер бар.

– XX ғасырдың басында зиялы қауымның өкілдерінің қонақ бөлмесі интерьері орналасқан. 100 жылдан астам



ЕЛ АСТАНАСЫ ҚЫЗЫЛОРДА «АҚМЕШІТТЕ» САҚТАУЛЫ

үйлердің саны 20-ға жетіп, тұрғындар өтініші бойынша Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман 1868 жылы 6 үй салуға қаржы бөледі. Кейін олар тұрғындардың жекеменшігіне беріледі. Көп ұзамай Сырдария жағасындағы шырайлы шаһар сауданың қайнаған ортасына айналды.

Сол кездері орыс көпестері ұн, мата, қант, темірден соғылған түрлі саймандар мен заттар, әшекей бұйымдарын әкеліп, оларды мал терісіне, еті мен жүніне айырбастады. Ал 1901-1906 жылдары Орынбор-Ташкент темір жолы салынғаннан кейін Перовск форты тоғыз жолдың торабындағы маңызды қалаға айналғандығы туралы құнды құжаттар мен суреттер сыр шертеді.

– Музейдің екінші залында Ресейде Кеңес үкіметі біржола орныққаннан кейін 1920-1926 жылы тамызда Қырғыз АКСР-і құрылады. Сөйтіп, 1920-1925 жылдары

жауабында «Қожанов, Есболов, Табынбаевтың үйінде түскі ас ішік. Съезд аяқталуға таяған еді. Сол кезде үкімет көшіп келіп, Ақмешіт қаласының атын өзгерту мәселесі көтерілді. Сол кезде жаңа астананы қалай атау жөнінде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қ.Қожықов ойлап тапты. Одан неге? деп сұрады. Бұл қос қатпарлы атау, ол екі жақты да қанағаттандыруы тиіс екенін айтты. «Қызыл» – демек большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – ұлттық атау. Демек ол жақ та, бұл жақ та кіне арта алмайды. Бұл ұсыныспен келістік дейді. Осылайша қаланың жаңа атауы бүкіл жұртшылық тарапынан қолдау табады. Бүгінгі Қызылорда атауы осылай аталса керек.

Мұндағы әрбір құнды деректермен таныса жүріп, төрде ілінген қару-жараққа көзім түсті. Онда XX ғасырда пайдаланылған қару жарақтар қойылған. Соның

жұмысын ұйымдастырушы қайраткерлер А.Байтұрсынов, С.Меңдешев, Т.Жүргенов, Қ.Жұбанов, М.Жолдыбаевтар институтта дәріс берді. Музей сәрсенен сол кездегі сабақ кестесін, ондағы сабақ берген мұғалімдердің аты-жөнін көруге болады. 1930-жылдары республикада педагог және мұғалімдер институтының көбеюіне орай 1933 жылы 15 қазанда жабылды.

Қазақ баспасөзі және әдебиетінің дамуына үлес қосқан тұлғалар Ж.Аймауытов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезовтерге тоқталмау әбестік болар. Алаш қайраткерлері жаңа астанада саяси-мәдени орта қалыптастырды. 1925-1928 жылдары аралығында Қызылорда қаласында тұрған, Алашорда қайраткерлерінің бірі Ахмет Байтұрсынов ұлт жұмысының көшбасында тұрса, Міржақып Дулатов қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосты.



ішінде Мосин винтовкасын ерекше айтуға болады. Бұл 1892 жылдан бастап 1950 жылға дейін Ресей Қарулы күштерінде пайдаланылған бірден-бір қару. Сонымен қатар 1930 жылдары Златоуст қару-жарақ зауытында шыққан қылышты да осы жерден таба аласың. 1815 жылдан бастап император І Александрдың арнайы бұйрығымен шыққан қылыш бір ғасырдан астам уақыт қарулы күштерде пайдаланылды.

Ел тарихын білгісі келгендерге «Ақмешіт» музейіне келуге кеңес берер едім. Өйткені мұнда іздеген ақпараттың бәрін табуға мүмкіндік бар. Атап айтсақ, қаланың алғашқы рет бас жоспары жасалып, оған үлкен еңбек сіңірген алаш қайраткері, тұңғыш темір жол инженері Мұхамеджан Тынышпаев, Батыс Алашорданың белсенді мүшесі болған Аспандияр Кенжин туралы толық ақпарат алуға болады. Сондай-ақ бұл жерден 1927 – 1928 жылдары Қызылорда қаласының дамуына 1 млн 313 мың

Кейінірек ақын Сырбай Мәуленовтің Алаштың Ақмешіті жайлы «Сәкен бәтеңкесінің ізі қалған» деп жазатыны да осы кезең оқиғалары еді. Есімдері ұлт жадында мәңгі қалған Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов сынды қаламгерлердің ұлт әдебиетінің қорын байытқан жауһар шығармалары Қызылордада дүниеге келді. 1925 жылғы жазында барлық республикалық газеттер жаңа астана – Қызылордаға көшірілді. 1925-1929 жылдары өз жұмысын Қызылордада жалғастырған «Жас қайрат», «Лениншіл жас», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп» және «Еңбекші Қазақ» сияқты басылымдарда көркем шығармалар, қазақ тарихына, оның ішінде Сыр өңіріне қатысты зерттеулер мен дерегі мол мақалалар жиі басылып тұрды. Олардың сол кездері Қызылордада жарыққа шыққан кітаптары осы музейде сақтаулы тұр.



сом қаржы бөлінгенін білдік. Қаланың бас жоспарына сәйкес бұл қаржыға қалалық аурухана, су құбырларын жүргізу, биологиялық станция, мектеп, 13 екі пәтерлі үйлер салынды. Ол жұмыстарды атқаруға 1200-ге жуық жергілікті жұмысшылар тартылып, олардың 40%-і арнайы мамандықпен қамтылды. Сол кезде ғимаратты салу үшін арнайы күйдірілген кірпішке тапсырыс берілген. Себебі мұндай кірпіш жыл сайын күрделі жөндеуді қажет етпейтін көрінеді. Құйдырылған кірпішті алыстан тасымау үшін қаланың төңірегінде жақын орналасқан Бірқазан станциясынан кірпіш зауыты салынды. Алып құрылыстарға аталған зауыттан 8 млн дана кірпіш тасымалданған. Сол кездің өзінде құрылыстың қарқынды дамығанын аңғарасың.

Мені ерекше қызықтырғаны Қызылорда қаласында алғаш рет ғылыми-ағартушылық жұмыспен айналысқан алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Темірбек Жүргеновтердің еңбектері болды. Деректерге сүйенсек, қазақ халық ағарту институты 1919 жылы Орынборда ашылған. Ең алғаш Қырғыз халық ағарту институты деп аталды. Онда қазақ мектептеріне мұғалімдер дайындады. Мәселен, 1921 жылы 140 оқушы оқыды. Оқу жоспары бойынша институтта сабақ тек қазақ тілінде жүрді. Институт оқытушылары мен студенттері елде сауатсыздықты жою ісіне белсене араласты. 1925 жылы институт Қызылорда қаласына көшірілді. Тәжірибелі педагогтар, республикада ағарту

Сонымен қатар қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағанбетовтің, ел ісіне араласқан алғашқы қазақ әйелдері А.Оразбаева, С.Есова, Н.Құлжанованың халық үшін атқарған еңбектері ел есінде. 1926 жылы шілде айында Қызылордада тұңғыш әйелдерге арналған «Әйел теңдігі» журналы өмірге келді. Журналдың редакторлық қызметін С.Есова, Н.Арықовалар атқарды. Журнал партия мен кеңес ұйымдарының алдында тұрған негізгі міндеттерді насихаттау, қазақ әйелдері арасындағы саяси-тәрбие жұмысына, оларды елдің қоғамдық-саяси өміріне қатыстыру мәселесіне аса көңіл бөлді.

Сондай-ақ Қазақтың ұлттық театры 1926 жылы Қошқе Кемеңгерұлының «Алтын сақина» пьесасымен тұңғыш шымылдығын ашты. Қазаққа театр өнерін алғаш танытқан Әміре Қашаубаев, Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұловтар ұлт руханиятының қабырғалы қайраткеріне айналды.

Жалпы музейден қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен қоғамдық-саяси жағдайларымен танысып, кеңес дәуірі кезеңінде елге еңбегі сіңген барлық ұлы тұлғаларымыз туралы мағлұмат ала аласыздар. Міне, бұдан артық қандай құндылық болуы мүмкін?! Сенбесеңіз өз көзіңізбен көріңіз. Әрбір жәдігер жаныңызға қуаныш ұялатып, тыныштық сыйлайды. Шынында музей – тарих.



тарихи бар шегесіз тұтас ағаштан құрастырылып, ыдыс аяқ салу үшін пайдаланылған үй жиназы, Еуропа елдерінде жасалған қабырға сағаты, пианино, патефон, тағы да басқа жәдігерлер баға жетпес мол мұраға айналып отыр. Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ең алдымен ұлттық кодты сақтауды алға тартқан еді. Яғни тағылымы мол тарих пен ықылым заманнан арқауы үзілмеген құндылықтарды жалғау. Сол арқылы әрбір қадамды нық басып, болашаққа сеніммен жүру. Бұл тұрғыда музей – тарих пен дәстүрдің ұштасқан, ұрпақтар жалғастығының негізі алтын көпірі екенін ерекше айтқымыз келеді. Сондықтан жәдігерлерді жинақтап, ұрпаққа көздің қарашығындай жеткізетін осынау мәдени ошақтың ұрпақ тәрбиесі үшін маңызы зор, – деді филиал меңгерушісі Кенжегүл Ахметова.

«Ақмешіт апталығы» газетінде «Ақмешіт Қызылорда болғанда» тұрақты айдарымен Қызылорданың астана болған тұстағы тарихи оқиғалар жарияланып жүр. Оны оқырмандар жақсы біледі. Ал енді сол кезеңді көзбен көріп, жүректен сезіну үшін осы музейге келсеңіз жеткілікті. Адамзат баласы үшін көнеден сыр шертетін кез келген дүние құнды. Себебі өткеннен өнеге ала отырып, келешегімізге келісті қадам жасаймыз. Сол құнды мұраларды жинақтау, оларды көздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа бұлнбей жетіп қамтамасыз ету үлкен жауапкершілік екені анық. Оған дәлел сол 1925-1929 жылдардағы көне жәдігерлердің әлі күнге сақталуын айтуға болады.

Музейде XIX-XX ғасырдағы Қызылорда қаласының тарихы баяндалады. Алғашқы сөре – 200 жылдық тарихы бар қаламыздың 1818 жылы Қоқан хандығы тарапынан салынған Ақмешіт бекінісінің қысқаша тарихынан басталады. Тарихқа сүйенсек, Ресей империясы және Орталық Азиялық Қоқан, Хиуа хандығының отарлау кезеңі болғанын аңғаруға болады. Мәселен, Патшалық Ресейдің отарлауының күшеюі себебінен Қоқан хандығына Сыр өңіріне бекініс салады. Сөйтіп, Ақмешітті 1818-1853 жылдар аралығында қоқандықтар басқарады. Кейін Орынбор генерал-губернаторы граф А.Перовский басып алғаннан кейін І Николай патшаның жарлығымен Перовский форты деп аталды.

Осылайша тарих беттерінде XIX ғасырдың II жартысы Перовск фортының даму кезеңі басталады. Сол кезеңде төменгі шендегі әскери адамдарға арналып шағын үйлер салына бастайды. Атап айтсақ 1862 жылы салынған

